

# Ақын Иса

(Туғанына 50 жыл толуына)

Ақын Иса Байзақов 1900 жылы кәзіргі Павлодар облысының Ертіс ауданы Үлгілі ауыл советінде туған. Исаңыз әкесі Байзақ өмір бойы бай есігінде жалшылықта жүрген. Иса анасынан жастай жетім қалады.

1916 жылы ақынның ащы өлеңдеріне ерегіскен сол маңның болысы мен байлары Исаны Сибирьдегі Анжерка деген жердегі шахтаға айдап жібереді.

Иса сонда жүріп, ш а х т а астында ауыр азап шеккен еріксіз адамдардың мұнын шертіп, көңілін көтеретін жыршысы болып алады.

Иса сыяқты дарынды таланттардың бағына бүкіл еңбекші халықтарға бақыт пен бостандық алып келген совет өкметі орнады. Ұлы көсемдеріміз Ленин мен Сталин коммунистік ұлы партиямыз еңбекші халқымыздың барлық рухани қуатының, қайнар көздерін ашты. Өзін туған халқының бүкіл еңбекші халықтардың бақыты мен бостандығына сүйсініп, рухтанған Иса елінің ардақты ақындарының бірі болып арманына жетті.

Өзін мұндай дәрежеге көтерген совет үкметі, Ленин — Сталин партиясы, ұлы орыс халқының туыскандық көмегі екенін Иса ақын өмір бойына құлшына жырлап өтті.

«Жүз жыл өлмей жүререм,  
Мұнан да көпті білерем,  
Дүниенің төрт бұршы  
Октябрьді тойлаған,  
Тамашаның талайын

Өлмей жасап көререм» дейді Иса.

- Данышпан көсеміміз Ленин қайтыс болып, халықтарымыз бен партиямыз ауыр қайғыға кез болған кезде сол халықпен бірге егіле білген Иса ақын Лениннің ісі мәңгі жасайтындығын сергек ақылмен жыр етті.

ісімізді ол өз көзімен көріп кетті. Иса 1946 жылдың күзінде қайтыс болды. Үкметіміз оның еңбектерін жоғары бағалап 1939 жылдың өзінде, қазақ жазушыларының алғашқы тобымен бірге «Еңбек қызыл ту» орденімен наградтады.

Иса халқына мол еңбек қалдырған, үлкен ақын. Ол біздің әдебиетімізге алты дастан беріп кетті. Олары: «Құралай сұлу», «Қойшының ертегісі» «Алтай зясында», «Онбір күн, онбір түн», «Кавказ», «Ақбөпе». Бұдан басқа екі поэмасын ол аяқтай алмай кетті. Олар: социалистік өміріміздің эпопеясын жырламақ болған «Ұлы құрылыс» атты дастан мен 1916 жыл оқыйғасына арналған «Қырмызы Жанай» поэмасы. Бұлардан басқа Иса жүздеген өлеңдер берді. Иса өлеңдері әлі де тегіс жыйналып болған жоқ, оның ел арасына тарап кеткен өлеңдері көп.

Иса өз өмірінде социалистік өміріміздің үгітшісі болған ақын. Сондықтан да Иса өлеңдері жарқын, саяси лирика. Ол өзінің саяси лирикасын халқына тарату жолында тамаша бір әдіс қолданды: ол өз поэзиясын музыкаға бөлей білді; бірнеше тамаша «Желдірмелер» шығарған композитор-мелодист болды; Иса «Желдірмелері» бүкіл халқымызға көп тараған, музыка мәдениетімізге қосылған құнды шығармалар. Иса әрі әнші, әрі артист болды.

Исаның саяси лирикасы мына тақырыптардан құралады: көсемдеріміз Ленин мен Сталин туралы жырлар, Октябрь революциясы, біздің еңбек, шаттанған Ала-тау, Түркісіб, Совет Армиясы, Алтай жырлары, Қарағанды, Балхаш жырлары, жастар, пионерлер, колхозды ауыл, май мерекесі, қысқасы бүкіл социалистік өміріміздің әр алуан тақырыбы Иса поэзиясынан мол орын алған.



«Ленин өлді, пікірі оның өлген жоқ,  
Ленин өлді, жолын ешкім жеңген жоқ  
Ленин бүкіл коммунистер жүрегі,  
Жүрек оны өлді деп те сенген жоқ».

Совет үкметінің арқасында Иса да білім алды. Рабфак та оқып, әдебиет пен искусство өміріне белсене араласа өсті. Соның арқасында ол Пушкин, Лермонтов, Толстой, Горький, Абай сыяқты алыптардың еңбектерімен танысып, солардан үйреніп отырды. Социалистік Қазақстанның талай жерлерін аралап, олардың өмірі мен еңбегін сол халықтың қарсы алдында отырып жыр етті. Социалистік өміріміздің қай дәуірін де болмасын игілікті істерімізге Иса ат салыспай қалған емес. Ол сталиндік бесжылдықтардың күйі мен сырын құлшына жырлап келсе, Ұлы Отан соғысы жылдарында да ел арасында болып, халқымызды жеңіске құлшынта жырлады. Өзі сеніп жырлаған ұлы же-

Иса лирикаларының көркемдік жағында кемшіліктер жоқ емес. Бірақ идеясы жағынан жарқын, екпінді саяси лирикасымен ақынның жақсы үгітші бола білгендігі даусыз. Қазақтың академиялық драма театрының сахнасынан бастап, колхоз сахнасына дейін, халық ішіндегі той-думанға дейін араласқан Иса социализм құрушылардың қажырлы еңбегін, игілікті үмітін құлшына жырлаумен болды.

Иса ақынның жарқын бейнесі көз алдымыздан кетпейді. Оның мол поэзиясы, дастандары, саяси өткір лирикалары әдебиетіміздің тарихынан өшпейтін мұра. Оның «Желдірмелері» өнер сүйгіш халқымыздың аузында, дастандары, өлеңдері талай жерде жатқа айтылып жүр. Осының бәрі ақын Исаны үкметіміз бен партиямыз, халқымыз қадірлейтіндігінің белгісі.

Қасым АМАНЖОЛОВ